

атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің жаршысында басылған, 2001 ж., N 25, 463-құжат)...

"Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Заңға сәйкес,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Экономикалық талдау және қаржылық қамтамасыз ету департаменті (С.Ержанова) осы Ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін.

3. "Рынокта үстем (монополиялық) жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъектілердің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 1999 жылғы 30 сәуірдегі N 25-ОД бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

4. Ұйымдастыру-инспекторлық басқармасы (Ғ.Сауытов) осы бұйрықты Агенттіктің облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша департаменттерінің назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау төрағаның орынбасары С.Құрманғалиевқа жүктелсін.

Агенттік төрағасы

Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу ЕРЕЖЕСІ

Ескерту. Мәтін бойынша "үстем" деген сөзден кейін "(монополиялық)" деген сөзбен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002.06.13. N 122-НҚ бұйрығымен .

1. Жалпы қағидалар

1. Осы Ереже "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына , Қазақстан Республикасы Президентінің " Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Заң күші бар Жарлығына сәйкес және " Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 қарашадағы N 1713 қаулысының негізінде әзірленді және Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу , бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі (бұдан әрі

- орталық монополияға қарсы орган) мен оның аумақтық органдары (бұдан әрі - аумақтық монополияға қарсы органдар) жүргізетін Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізілімін (бұдан әрі - Тізілім) қалыптастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002.06.13. N 122-НҚ бұйрығымен .

2. Тізілім - бәсекелік салада кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, тиісті тауар рыногындағы үлесі жыл сайын монополияға қарсы орган белгілейтін шекті шамадан асатын рынок субъектілерінің атаулы тізбесі.

3. Бәсекелік салаға объективті түрде технологиялық, экономикалық және әлеуметтік себептер болғандықтан, рыноктық кеңістікті ұйымдастырудың неғұрлым мақсатқа сай нысаны рынок субъектілерінің еркін бәсекесінің қарым-қатынастары болып табылатын рыноктар жатады.

4. Осы Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

тауар рыногы - сатып алушының тауарды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) экономикалық, аумақтық және технологиялық сатып алу мүмкіндігімен айқындалатын, алмастырушысы немесе бірін-бірі алмастыратын тауарлары (жұмыстар, қызмет көрсетулер) жоқ тауар айналымының саласы;

бірін-бірі алмастыратын тауар - сатып алушы тұтыну процесінде функциялық тағайындалуы, қолданылуы, сапалық және техникалық сипаттамалары мен басқа өлшемдері бойынша оларды бір-бірімен нақты алмастыра алатындай немесе алмастыруға даяр болатындай салыстыруға келетін тауарлардың тобы;

географиялық шекаралар немесе географиялық рынок тұтынушылардың осы тауарды сатып ала алатын және осы аймақтан тыс жерде экономикалық және басқа себептер бойынша сатып алуға мүмкіндігі жоқ аймақ. Белгілі бір немесе бірін-бірі алмастыратын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) әрбір түрінің олардың айналымының географиялық ауданын кескіндейтін шекаралары бар жеке рыногы болады, олар облыстың әкімшілік шекаралары мен өзге де елді мекендердің шекаралары болуы мүмкін. <*>

үстем (монополиялық) жағдай - тауар рыногындағы рынок субъектісінің бәсекеге теріс әсер ететін, басқа рынок субъектілерінің тауар рыногына кіруін қиындататын немесе басқаша түрде олардың экономикалық қызметінің еркіндігін шектейтін ерекше жағдайы.

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002.06.13. N 122-НҚ бұйрығымен .

2. Тізілімді қалыптастыру және жүргізу тәртібі

5. Тізілімді қалыптастыру экономикалық және әлеуметтік мәнді тауар рыноктарын және бәсекеге қарсы іс-қимылдар, яғни басқа рынок субъектілерінің еркін бәсекеге құқықтарын бұзу жолымен бәсекені шектеуге немесе жоюға, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын қызмет байқалған тауар рыноктарын талдау негізінде жүргізіледі. Сонымен бірге үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерін анықтау мақсатында тауар рыногын талдауды монополияға қарсы органдар осы рыноктың бір субъектісі бір рет бұзған фактісі анықталғанда, жүргізеді. <*>

Экономикалық және әлеуметтік мәнді тауар рыноктарына басқа тауар топтарына қарағанда, баға мультипликаторы болып табылатын өнімдер мен халықтың тұрмыс деңгейіне мәнді әсер ететін қызмет көрсетулер (көмір, мұнай, мұнай өнімдері, электр және жылу энергиясы, табиғи газ, астық, нан, қант, дәрі-дәрмек, сұйытылған газ және олардың бағасын көтеруге әкелетін қызмет көрсетулер, қатты тұрмыс қалдықтарын әкету және көму, жолаушыларды тасымалдау және басқалар) жатады.

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002.06.13. N 122-НҚ бұйрығымен .

6. Тізілімге меншік нысандарына қарамастан, тауар рыноктарындағы үлесі жыл сайын монополияға қарсы орган белгілейтін шекті шамадан асатын барлық қазақстандық және шетелдік заңды тұлғалар енгізіледі. <*>

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002.06.13. N 122-НҚ бұйрығымен .

7. Тауар рыногындағы рынок субъектісі үлесінің шекті шамасын оның жағдайы үстем (монополиялық) деп танылған жағдайда, жыл сайын монополияға қарсы орган белгілейді, бірақ ол 35%-дан кем болмауға тиіс.

8. Тиісті тауар рыногындағы үлесі монополияға қарсы орган жыл сайын белгілейтін шекті шамадан кем рынок субъектілері, егер үстем (монополиялық) жағдайды монополияға қарсы орган мыналардың негізінде белгілесе, Тізілімге е н г і з і л у г е ж а т а д ы :

- рынок субъектісінің тиісті тауар рыногындағы үлесінің тұрақтылығы;
- рыноктағы бәсекелестерге тиесілі үлестерінің салыстырмалы мөлшері;
- жаңа рынок субъектілерінің (бәсекелестердің) рынокқа кіру мүмкіндіктері.

9. Үстем (монополиялық) жағдайы мынадай талаптарға сәйкес танылған рынок субъектілерінің тобы Тізілімге енгізілуге жатады:

белгілі бір тауар рыногындағы екіден көп емес рынок субъектілерінің

жиынтық үлесі 50 және одан көп пайызды құраса;

белгілі бір тауар рыногындағы үштен көп емес рынок субъектілерінің жиынтық үлесі 70 және одан көп пайызды құраса.

9-1. Тізілімге енгізуге қызметтерді Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес монополиялық түрде жүзеге асыратын және (немесе) белгілі бір қызметтер түрі рыногында онда бәсекенің жоқтығына орай үстем (монополиялық) жағдайға ие мемлекеттік кәсіпорындар жатады.

Ескерту. 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002.06.13. N 122-НҚ бұйрығымен .

10. Өндірісі жаңа технологиялар мен ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін қолданумен байланысты жаңа, тектестері жоқ және сұранысқа ие тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізе отырып, белгілі бір тауар рыногына алғаш кірген рынок субъектілерінің үстем (монополиялық) жағдайы бір жыл бойы монополиялық деп танылмайды.

Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002.06.13. N 122-НҚ бұйрығымен .

11. Рынок субъектісінің үстемдік үлесін есептеу монополияға қарсы орган әзірлеген, белгілі бір тауар түрі рыногының шекараларын айқындау тәртібі және рынок субъектісін монополист деп тану туралы нормативтік құқықтық актіге с ә й к е с жү р г і з і л е д і .

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002.06.13. N 122-НҚ бұйрығымен .

12. Рынок субъектісінің үстемдік үлесі субъектінің белгілі бір тауар немесе қ ы з м е т тү р і н т и і с і н ш е :

тауар рыногы шекараларынан тыс әкету көлемін қоспағанда, оның географиялық шекараларымен айқындалған тауар рыногына жеткізу немесе өткізу көлемінің белгілі бір тауарлар түрлері рыногының жалпы көлеміне;

оның географиялық шекараларымен айқындалған тауар рыногына жеткізу немесе өткізу көлемінің белгілі бір тауарлар түрлері рыногының жалпы көлеміне ара қатынасы ретінде айқындалады.

Белгілі бір тауар түрі рыногының жалпы көлемі осы рынок субъектілерінің белгілі бір немесе бірін-бірі алмастыратын тауарларды әкелу және әкету көлемдерін ескере отырып, белгілі бір немесе бірін-бірі алмастыратын тауарларды жеткізу немесе өткізу сомасы ретінде айқындалады.

Белгілі бір қызметтер (жұмыстар) түрі рыногының жалпы көлемі қаралып отырған рыноктың барлық субъектілерінің белгілі бір немесе бірін-бірі

алмастыратын қызметтерді (жұмыстарды) жеткізу немесе өткізу сомасы ретінде а й қ ы н д а л а д ы .

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002.06.13. N 122-НҚ бұйрығымен .

13. Тізілімді қалыптастыру кезінде тауар рыноктарын талдау үшін:

1) рыноктардағы өндірістің, экспорттың және импорттың көлемдері туралы с т а т и с т и к а л ы қ а қ п а р а т ;

2) қаржы-шаруашылық қызмет қорытындылары туралы есептер; өнімдердің монополиялық түрлері жөніндегі ақпарат: шығару көлемдері, босату бағалары ж ә н е ө н д і р у т а б ы с т ы л ы ғ ы ;

3) рыноктар субъектілерінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өндіру көлемдері, рынокқа жеткізу, рынокқа енгізу көлемдері, рыноктан тыс жерге шығару көлемдері, рынокқа экспорттау және импорттау туралы ақпарат;

4) монополияға қарсы орган жүргізген тексеріс процесінде алынған ақпарат;

5) монополияға қарсы органның тауар рыногына талдау жүргізу процесінде, соның ішінде консультанттарды тартумен, алынған ақпарат;

6) мемлекеттік органдар ұсынған ақпарат;

7) монополияға қарсы органның өзінің міндеттері мен функцияларын орындау процесінде алған өзге ақпаратты пайдаланылуы мүмкін.

Рынок субъектісін монополист деп тану туралы қорытынды дайындау кезінде монополияға қарсы органдар монополияға қарсы орган жанындағы Сараптама кеңесінің және басқа сарапшылардың ұсынымдарын ескеруге құқығы бар.

Ескерту. 13-тармақ өзгертілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002.06.13. N 122-НҚ бұйрығымен , 2004 жылғы 6 қаңтардағы N 7-НҚ бұйрығымен .

14. Тізілім және монополияға қарсы органның бұйрығымен (Тізілім нысаны 1 -қосымшада келтірілген) бекітіледі.

Ескерту. 14-тармақ өзгерді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002.06.13. N 122-НҚ бұйрығымен , 2004 жылғы 6 қаңтардағы N 7-НҚ бұйрығымен .

15. Тізімге өзгерістер монополияға қарсы органның тиісті бөлімшесі шешімінің негізінде монополияға қарсы орган басшысының бұйрығымен енгізіледі. Осы тармақтың 2), 3) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайларда өзгерістер ағымдағы жылдың соңғы тоқсанының қорытындысы б о й ы н ш а е н г і з і л у і м ү м к і н .

1) шығарылған тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің)

номенклатурасы өзгерген;

2) тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілері құрылған, қайта ұйымдастырылған, таратылған;

3) бұрын жұмыс жасаған рынок субъектілерінің негізінде жаңа шаруашылық жүргізуші субъектілер құрылған;

4) бәсекелес ортаның жай-күйіне талдау жүргізу барысында экономикалық және әлеуметтік мәнді тауар рыноктарында монополияға қарсы (аумақтық) орган жыл сайын белгілейтін шекті шамадан жоғары үлесі бар жаңа рынок субъектілері анықталған;

5) бәсекені шектеуге әкелетін рынок субъектілерінің іс-әрекеттері туралы растайтын фактілер анықталған;

6) рынок субъектісінің мәртебесі өзгерген немесе оның тауар рыногындағы үлесі төмендеген жағдайларда енгізіледі.

Ескерту. 15-тармақ өзгертілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002.06.13. N 122-НҚ бұйрығымен, 2004 жылғы 6 қаңтардағы N 7-НҚ бұйрығымен.

16. Субъектілер Тізілім бекітілген күннен бастап 10 күн мерзімде олардың Тізілімге енгізілгені (шығарылғаны) туралы (хабарлама нысаны N 2 қосымшада келтірілген) хабарландырылады.

Ескерту. 16-тармақ өзгерді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002.06.13. N 122-НҚ бұйрығымен.

1 7 . < * >

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда, алынып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002.06.13. N 122-НҚ бұйрығымен, 2004 жылғы 6 шілдедегі N 312-НҚ бұйрығымен.

18. Бекітілген Тізілім жыл сайын ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

3. Тізілімге енгізілген рынок субъектілеріне қатысты қолданылатын шаралар

19. Мемлекеттік тізілім монополистік қызметті ескерту және болдырмау құралы болып табылады. Монополияға қарсы (аумақтық) орган рынок субъектісін Тізілімге енгізгеннен кейін:

1) оның акцияларының (үлестерінің, пайларының) қосылуына, берілуіне және сатылуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

2) рынок субъектісі құрылымындағы өзгерістерге бақылау жасауды жүзеге асырады;

3) Тізілімге енгізілген субъектілердің тұтынушылармен жасасқан шарттарына бақылау жасауды жүзеге асырады;

4) Тізілімге енгізілген рынок субъектілері басшыларының директорлар кеңесіне және бәсекелесуші құрылымдардағы қоғамды басқару органдарына қатысуын қадағалайды; < * >

5) жоғары пайда алу үшін баға келісуді, бағаны кемсітушілікті және монополиялық жоғары (төмен) бағаларды қолдануды болдырмау мақсатында ай сайын монополиялық өнімге қойылған бағаларды бақылауды жүзеге асыру.

Ескерту. 19-тармақ өзгерді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002.06.13. N 122-НҚ бұйрығымен .

20. Монополияға қарсы орган Тізілімге енгізілген рынок субъектілерінің қызметін жүзеге асыратын рыноктарға талдау жүргізеді. Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша бәсекені дамыту үшін мүмкіндіктер қарайды және монополистік қызметті болдырмау мен монополияландырылған рыноктарда бәсекені күшейту жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

Ескерту. 20-тармақ өзгерді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002.06.13. N 122-НҚ бұйрығымен .

21. Тізілімге енгізілген рынок субъектілері монополияға қарсы органға: 1-жарты жылдық нәтижелері бойынша үстіміздегі жылдың 1 тамызына дейінгі мерзімде, 2-жарты жылдықтың нәтижелері бойынша келесі жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп; ай сайын кәсіпорындардың акцияларын (үлестерін, пайларын) сату және басқаруға беру туралы мәліметтер; өнімнің монополиялық түрлері: өндіріс көлемі, босату бағалары және өндірістің кірістілігі жөнінде ақпарат ұсынуға міндетті.

Ескерту. 21-тармақ өзгерді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002.06.13. N 122-НҚ бұйрығымен .

22. Тізілімге енгізілген субъект 30 күнде монополияға қарсы органға монополиялық өндірілген тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) бағалардың алдағы уақытта көтерілуі туралы және көтеру себептерін растайтын құжаттарды (мысалы, шикізатты жеткізіп беру құнын арттыру кезінде шарттың көшірмесін жіберу және т.б.) тапсыра отырып, оларды көтерудің себептері туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Ескерту. 22-тармақ өзгерді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002.06.13. N 122-НҚ бұйрығымен .

23. Тізілімге енгізілген субъектілердің монополияға қарсы заң нормаларын бұзған фактілері анықталған жағдайда, монополияға қарсы орган монополияға қарсы ықпал ету шараларын қолданады.

Ескерту. 23-тармақ өзгерді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002.06.13. N 122-НҚ бұйрығымен .

24. Тізілімге енгізілген рынок субъектілерінің монополияға қарсы (аумақтық) органның шешімін, нұсқамасын орындамаған жағдайда:

тәртіп бұзғанға дейін қолданылған ережені қалпына келтіру туралы, монополияға қарсы (аумақтық) орган сотқа тәртіп бұзғанға дейін қолданылған ережені қалпына келтіруге мәжбүрлеу туралы арызбен жүгінуге құқылы;

монополияға қарсы заңдарға қайшы келетін актіні толығымен немесе ішінара алып тастау туралы, монополияға қарсы (аумақтық) орган сотқа актіні толық немесе ішінара жарамсыз деп тану туралы талап-арызбен жүгінуге құқылы;

монополияға қарсы заңдарға қайшы келетін шартты өзгерту немесе бұзу туралы не шартты рыноктың басқа субъектісімен жасасу туралы монополияға қарсы (аумақтық) орган сотқа шартты толық немесе ішінара жарамсыз деп тану туралы не шартты жасасуға мәжбүрлеу туралы талап-арызбен жүгінуге құқылы;

монополияға қарсы заңдарды бұзу нәтижесінде алынған кірісті бюджетке аудару туралы, монополияға қарсы (аумақтық) орган сотқа монополияға қарсы заңдарды бұзу нәтижесінде алынған кірісті бюджетке өндіріп алу туралы талап-арыз ұсынуға құқылы.

25. Аумақтық монополияға қарсы органның міндетті нұсқамалар сипаты бар шешімдеріне, сондай-ақ рынок субъектілеріне айып салу туралы шешімдеріне орталық монополияға қарсы органда шағым жасалуы мүмкін. Монополияға қарсы органның шешімдері сот органдарында заңда белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу ережесіне N 1 қосымша

Ескерту. 1-қосымша өзгертілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 6 қаңтардағы N 7-НҚ бұйрығымен .

Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізілімі

Рет. тік N	Рынок субъектісінің (субъектілерінің) атауы	Рынок субъектісінің (субъектілерінің) заңды мекен-жайы	Тауарлардың солар бойынша рынок субъектісі (субъектілері) Тізілімге енгізіліп отырған атаулары	Рынок субъектісінің (субъектілерінің) жағдайын	Рынок субъектісінің (субъектілерінің) үстемдік үлесі	Рынок субъектісінің (субъектілерінің) геогра. шекаралары	Тізілімнің бе. кітіл. гені (Тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені) туралы Агенттік бұйрығы
------------	---	--	--	--	--	--	--

Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу ережесіне N 2 қосымша

Ескерту. N 2 қосымша өзгерді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2002.06.13. N 122-НҚ бұйрығымен.

Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің Мемлекеттік тізілімге енгізілгені, шығарылғаны туралы хабарлама

рынок субъектісінің атауы

Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) олар бойынша рынок субъектісі Тізілімге енгізілетін, шығарылатын атауы

Агенттік бұйрығының оның негізінде рынок субъектісі Тізілімге енгізілетін, шығарылатын N және күні

Тізілімге енгізілген, шығарылған рынок субъектілері монополияға қарсы
о р г а н ғ а :

- 1-жарты жылдық нәтижелері бойынша үстіміздегі жылдың 1 тамызына дейінгі мерзімде, 2-жарты жылдықтың нәтижелері бойынша келесі жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп;

- кәсіпорындардың акцияларын (үлестерін, пайларын) сату және басқаруға беру туралы мәліметтер;

- өнімнің монополиялық түрлері: өндіріс көлемі, босату бағалары және өндірістің кірістілігі жөнінде ай сайын ақпарат ұсынуға міндетті.

Тізілімге енгізілген, шығарылған субъект 30 күн мерзімде монополияға қарсы органға монополиялық өндірілген тауарларға (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге) бағалардың алдағы уақытта көтерілуі туралы және көтеру себептерін растайтын құжаттарды (мысалы, шикізатты жеткізіп беру құнын арттыру кезінде шарттың көшірмесін жіберу және т.б.) тапсыра отырып, оларды көтерудің себептері туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Агенттік төрағасы